

міндеттері оқу, тәрбиелік және дамытушылық сипаттағы тактикалық, стратегиялық және жедел тапсырмаларда нақтыланған.

Зайырлы білім, оның терең сенімі бойынша, кез келген байлықтан қымбат.

Алтынсарин ағартушылық қоғамдық өмірдің барлық аспектілерінің ілгерілеуінің негізі деп бір-жақты сенді. Дәл білім – ағартылған халықтарға өмірлік игіліктер жасауға, гүлденген қоғам құруға мүмкіндік береді, ал надандық пен білімнің болмауы адамды тағдыр алдында дәрменсіз етеді. Ал ғылым мен білімді меңгеруге талмай ұмтылатындар ғана өз өмірлеріне тыныш бола алады. Адамдарға осындай қарапайым және түсінікті сөздермен Ы. Алтынсарин олардың санасына білімнің қажеттілігі туралы идеяны жеткізуге тырысты, зайырлы мектептерде сабақ беру, өмірге пайдалы сабақтар беру және оқушылардың басын, мектепті қажетсіз схоластикалық ақымақтықпен ұру арқылы шынайы білім алу.

Халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ы.Алтынсариннің ғылыми және әдеби еңбектерінің бүгінгі жастарға берер ғибраты мол асыл мұра.

Надандық пен діни білім деп аталатын болсақ, олар тоқырау, ортағасырлық артта қалушылық және тіпті артта қалған қозғалыстан басқа ештеңе бере алмайды.

Алтынсарин мұғалім мамандығы ең керемет, бірақ сонымен бірге ең қиын мамандықтардың бірі екенін дәлелдеді.

Нағыз мұғалім – мұғалім мен тәрбиеші. Мектеп ісінің мұғалімі Ы. Алтынсарин жетекші рөлді жүктеді: «Жалпы білім беретін мектептер үшін мұғалімдер – бәрі; Ең жақсы педагогикалық нұсқаулықтар да, ең пайдалы мемлекеттік тапсырыстар да, мұқият инспекторлық қадағалау да олармен салыстыра алмайды ... » [4]. Педагогикалық процесс қайшылықпен, динамизммен, секіріспен және шектермен сипатталады, сондықтан бәрі бірдей бола алмайды. мұғалім сөздің толық мағынасында.

Мұғалім – бұл сіздің жолыңыз екенін ішкі білуге шақыру.

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындалудағы ең бір пәрменді құрал – оқу, тәлім – тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс әрекетті қалыптастыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы мәселелер ауқымындағы ой пікірлерін зерделеу, сипаттау, таразылау, жинақтау, оларды қоғамдық іс – тәжірибе шеңберіне енгізу.

Бүгінгі таңда көптеген теоретикалық ғалымдар, сонымен қатар практикалық мұғалімдер педагогикалық процестің басты мақсаты жан-жақты дамыған, шығармашыл, белсенді, физикалық денсаулығы жоғары және адамгершілігі жоғары жеке тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастыру деп келіседі. Көптеген мұғалімдер бұл пікірмен келіседі.

Әдебиеттер тізімі

1. **Б. А. Жарықбаева, С. Қалиев** «Педагогикалық ойдың антологиясы» – Алматы Рауан 1995 ж. Газет «Не? Қайда? Қашан?» Наурызға арналған №15.
2. **Жұмағұлов Қ. Т.** «Алтынсарин және қазақ халқының мәдениетінің дамуы». Алматы: Қазақстан, 1984.
3. **Ильминский Н.,** Ы.Алтынсарының естеліктері, Қаз., 1891, с. 247.
4. **Г. Сәтбаева, М. Әділбаев** Қазақ әдебиеті 10-11 б.

ӨОЖ 37.01

Ы.АЛТЫНСАРИН – ҚАЗАҚ БІЛІМІНІҢ ШАМШЫРАҒЫ (Ы.Алтынсариннің қазіргі білім берудегі педагогикалық идеяларының сабақтастығы)

Тулекова Г. А. – *Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Владимир Савва атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі, Жамбыл облысы, Меркі ауданы Сарымолдаев ауылы.*

Бұл мақалада Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының қазіргі білім беру жүйесіндегі идеялармен сабақтастығы мәселесі қозғалған. Мақалада еңбек пен тәрбие және білімді сабақтастыра білген ұлы педагогтің педагогикалық әдістемесін қазіргі білім беру ісінде жаңғыртып қолдану идеясы жан-жақты көтерілген.

Кілт сөздер: педагогикалық идея, жаңа формация мұғалімі, қазіргі білім беру ісі, балаларға, қазақ хрестоматиясы, тәрбие, тәжірибе, кәсіп, қазақ халқының, педагогикалық әдістеме.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ал бұл орайда мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Сондай-ақ, мұғалімге жаңа формация мұғалімі болу талабы қойылып отыр. Жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды [3.12].

Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға [3.24].

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Міне, осындай жаңашылдықты біз бұрынғы педагогтердің әдіснамасымен ұштастыра отырып жетілдіре аламыз. Әсіресе осы орайда халқымыздың тұңғыш-ағартушы педагогі, ақын әрі жазушы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларын жетілдіріп, заман талабына сай жаңғыртып пайдалану өте тиімді болмақ. Дана халқымызда «Өткенінді білмей, қазіргінді бағалай алмайсың» деген қанатты сөз бар. Сондықтан білім беру ісінде жаңа мен ескіні байланыстырып, ескінің озық үлгісін алу арқылы білім беру ісін өрге сүйрей аламыз. 48 жылдық саналы ғұмырын қазақ балаларының көзін ашуға бағыттаған Ы.Алтынсарин әдістемесі қазіргі күнде де өз өзектілігін жойған жоқ. Оның «Жақсы мұғалім маған бәрінен қымбат, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі» деген қанатты сөзі бала тәрбиесіндегі ұстаз рөлінің қаншалықты маңыздылығын көрсетіп тұр.

Оқушыларға білім беруде, тәрбиелеуде Ыбырай өмірінің, педагогикалық идеяларының өнегелі тәрбие беретін жақтары жеткілікті. Себебі, ұлы ұстаздың бүкіл өмірі, еңбектері, негізінен үлгілі-өнегелі адам тәрбиелеу ережесі десек артық айтқандық емес. Сондықтан Ыбырай мұрасын мәңгілік өнеге мектебі дей аламыз. Қазіргі таңда жан аямай кәсіп қылудан безінетін «бейнет көрмей дәулет жоқ екенін» парасаттамайтын, ұрлық пен қулықты қызық көретін жастарды жақсы мінез-құлық пен имандылыққа үйрететін, ел болып ер жетуімізге жол нұсқайтын асыл мұра-ағартушы педагог әдістемесі. Оның педагогикалық әдістемесін «Қазақ хрестоматиясы» оқулығынан алуымызға болады. Бұл еңбегінде педагог қазақ балаларына тәрбие мен білімді қатар беруді көздейді. Мәселен, «Әке мен бала» әңгімесінде ерінбей еңбек етудің пайдасы туралы ғибрат етсе, «Бақша ағаштары» әңгімесінде тәрбие-адамшылықтың өзегі екендігі түсіндіріледі. Алайда ақын, жазушы шығармаларындағы терең ойды мұғалім өзі терең түсінгенде ғана баламен жүгізілетін білімдік және тәрбиелік істері нәтижелі болмақ [2.25-27].

Жазушы әрі ағартушы-педагог әңгімелерінің ішіндегі ең бір шоқтығы биік шығармасы – «Бай баласы мен жарлы баласы» [1.117]. Өзі өмір сүрген қазақ қоғамындағы өмір шындығын, тап жігін аша отырып, ауыр тұрмыстың ыстық қазанында пісіп, шығып тағдыр тауқыметін көрген кедей баласының еңбексүйгіштігін баяндайды. Ағартушының бұл әңгімені жазудағы мақсаты: Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көргендігін, еңбекқор өмірге икiмдiлiгiн; екiншiсiнiң шыдамсыздығын жинақтай отырып, еңбекқор әрі тапқыр болып, кез келген істе сабырлық таныту қажеттілігін жас ұрпақтың бойына сіңіреді. Бұл әңгіме қазіргі таңда ата-анасының байлығына мастанып, еңбек етуден қашатын, дайынға тап болғысы келіп тұратын жастарды тәрбиелеуде таптырмас құрал. Ал «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин еңбектенсең, талаптансаң, мақсат-мұратыңа жетерсің-дей келіп осы идеяны ашып көрсетеді. Балаға білім беру ісінде еңбекке баулудың рөлі өте зор екендігін жеткізе отырып, барлық педагогтерге ой тастайды [1.220].

Ыбырай Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу, оқыту өз еңбегінің нәтижесін көруге, одан қанағат, ләззат алуға үйретеді, еңбек етіп үйренген адамға білім беру жеңілрек болады деген пікір ұсынады. Еңбекті қадірлеу оның шығармаларының басты тақырыбы. Ол өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастады. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, бала тәрбиесінде бағып-қағуда үлкен мән бар екендігін түсіндіре отырып, оның еңбегін жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегіне балайды. Сонымен қатар «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарып, сіңеді»-деп тұжырым жасайды [2.21].

Білім мен тәрбие берудегі Ыбырайдың алға қойған мақсаттарына тоқталсақ, жоғарыда айтылғандай: оқушыларға жан-жақты және кең көлемде білім беру; мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару; оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру; оқушылар білімін қосымша материалдармен толықтыру. Міне бұл мақсаттар бүгінгі білім беру ісінде де өз құндылығын жойған жоқ [4.33].


Өйткені оқулық сапалы болмай білім сапалы болмайды, ал оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру бүгінгі өзгермелі қоғамда аса қажет дүниелердің бірі. Мұғалімнің беделін көтеру, мұғалім мәртебесін жоғарылату қоғамның мұғалімді құрметтеуіне өз ықпалын тигізеді.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген. Оған дәлел ұстаздың «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады» – деген қанатты сөзі. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама берген. Ал бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікпен үндеседі. Сондай-ақ, тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білуімен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді де ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жазған. Міне, кезінде аса көргендікпен көпшілікке ұсынған осы ұғым тұжырымдары қазір де мұғалімдердің қажетіне жарап тұр.

Қоғамның санасын педагогикалық жүйемен баяндап эстетикалық таныммен пәлсапалық қағидаларымен тұжырымдап отырған Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары бүгінгі білім беру саласында да мұғалімдер тәжірибесінде қолданылып жүр. Қазіргі таңда әрбір ұстаз өз сабағында жаңа педагогикалық технологияның әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ы.Алтынсариннің ұсынған әдістемесінің негізі де осында еді.

Қазіргі білім беру ісіндегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Ал бұл орайда мұғалімнің кәсіби-әдістемелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі таңда біз жаңалық санап жүрген ынтымақтық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын. Себебі «Қазақ хрестоматиясына» енген Ыбырайдың көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына бағытталған болатын. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп оны жақсы, үлгілі істерге үйрететін күшті құрал деп түсінді [3.28-29].

Ыбырай өзінің ағартушылық, ұлы педагогтік ісін үш түрлі бағытта жүргізді.



Дана халқымызда «тау алыстаған сайын биіктей түседі» деген қанатты сөз бар. Ендеше, ұлы педагогтің де халқы үшін жасаған ерен еңбегі еш уақытта өз құндылығын жоймасы анық. Бала тәрбиесінде ескі, жаңа әдіс деген болмайды. Бала тәрбиесі үшін, бала игілігі үшін атқарылған әр жұмыс маңызды. Олай болса өз тәжірибемізде Ы.Алтынсарин әдістемелерін қолданып, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне өз үлесімізді қоса білейік.

Әдебиеттер тізімі

1. **Алтынсарин Ы.** «Таза бұлақ» / Алматы, «Жазушы», 1988.
2. **Дербісәлин Ә.** «Әдебиет туралы толғаныстар» / Алматы, 1990.
3. **Жарықбаев Қ.** «Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы» / А, 1965.
4. **Кәкішев Т.** «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» /А, Санат. 1994.